

Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 2025 жылғы 11 қыркүйектегі № 23/3 "Сандықтау ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мемлекеттік ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету тәртібін және мөлшерін бекіту туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 2025 жылғы 15 желтоқсандағы № 26/3 шешімі

1. Сандықтау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының "Сандықтау ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мемлекеттік ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету тәртібін және мөлшерін бекіту туралы" шешіміне енгізілсін 2025 жылғы 11 қыркүйектегі № 23/3 мынадай толықтырулар:

1) тақырыпта "мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары" деген сөздерден кейін "білім беру" деген сөзбен толықтырылсын;

2) 1-тармақта "мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары" деген сөздерден кейін "білім беру" деген сөзбен толықтырылсын;

3) көрсетілген шешімнің қосымшасында "мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары" деген сөздерден кейін тақырыпта "білім беру" деген сөзбен толықтырылсын;

4) қосымшаның 1-тармағында "мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары" деген сөздерден кейін "білім беру" деген сөзбен толықтырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихатының төрайымы

Г.Мұстафина